

Ұлттық құрылтайда қандай тақырыптар көтеріледі?



Газетімізде бұдан бұрын хабарлағанымыздай, бүгін Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтеді. Отырысқа Мемлекет басшысы, танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектордың, бизнес-қауымдастықтардың, сараптамалық қауымдастықтың және облыстардың қоғамдық кеңестерінің өкілдері қатысады деп жоспарланған.

Ал, кеше 4 жұмыс секциясының отырысы өтті:

- «Азаматтық қоғам»;
- «Экономикалық даму»;
- «Әлеуметтік-мәдени даму»;
- «Білім және ғылым».

Ұлттық құрылтай мүшесі Серік Ақылбайдың айтуынша, Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық қарқыны өте жақсы.

– Бұған дейін өткен төрт құрылтайда көтерілген тақырыптар бойынша бірқатар заң қабылданып, біраз мәселе шешілді. Ал, 20 қаңтарда өтетін бесінші отырыста Парламентті реформалау тақырыбы қаралады деп ойлаймын. Құрылтай аясында құқықтық ағарту мәселесі туралы сөйлеуім мүмкін. Жалпы, биылғы отырыс жылдағыдан ертерек өткелі жатыр және оған қызу дайындық жүруде, – деді С.Ақылбай.

Ал, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтай мүшесі Сергей Пономаревтің пайымынша, Ұлттық құрылтай қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылаудың маңызды алаңына айналды. Оның аясында қала мен ауыл тұрғындарын нақты алаңдататын тақырыптар көтеріледі.

– Ұлттық құрылтайда өркімнің ашық өрі нақты сөйлеуіне мүмкіндігі бар сенім кеңістігі қалыптасты. Онда түрлі тақырыптар көтеріледі, яғни сыртқы және ішкі саясат, мемлекеттілік, коммуналдық бағыт, сондай-ақ басқа да кез келген мәселе қаралады, – деді депутат.

Осы орайда ол талқыланған мәселелерге қатысты маңызды шешімдер жасалып, заң жобалары әзірленіп жатқанын еске салды. Құрылтай мүшелері көтерген өзекті тақырыптардың барлығы назардан тыс қалмайды.

– Бесінші отырыста жасанды интеллект және онымен байланысты мәселелер, цифрландыру туралы сөз қозғалады деп санаймын. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді жаңа тәсілдермен, тіпті стандартты емес әдістермен үйрену туралы ұсыныстар болады деп ойлаймын. Әрине, қоршаған ортаны қорғау мәселесі де назардан тыс қалмайды... Жұмыс өте ауқымды. Парламенттік реформа тақырыбын талқылайтынымызға сенімдімін. Жалпы, Құрылтай мүшелерінің көкейінен жүрген осы мәселелер жан-жақты қаралады деген ойдамын, – деді С.Пonomарев.

➤ Бүгінгі сөз

Өткен ғасырдың орта шенінде Стэнфорд университетінің профессоры Уолтер Мишель психология тарихын өзгерткен тәжірибе жүргізді. Ол төрт жастағы балаларды бос бөлмеге отырғызып, алдарына бір-бірден тәтті зефир қойды. Шарты қарапайым еді: егер бала зерттеуші келгенше шыдап, тәттіні жемей күтсе, оған сыйлыққа екінші зефир беріледі. Ал, шыдамай жеп қойса, екіншісінен айырылады. Осы бір қарапайым тәжірибе адамзаттың ең маңызды «қанағаттануды кейінге қалдыра алу» (delayed gratification) қабілетін айқындап берді. Уақыт өте келе, күте білген балалардың өмірде әлдеқайда табысты, тәзімді және жауапты азамат болып өскені дәлелденді.

Ерболат АЙНАБЕКОВ,
«Оңтүстік Қазақстан».

Көз алдыңызға елестетіңізші, тәттіқұмар төрт жасар баланың алдында зефир тұр. Оның ішкі әлемінде дүлей арпалыс басталады. Тәттінің хош иісі мұрын жарып, қолы еріксіз созылса да, кішкентай жүрегі үлкен үміт пен темірдей тәзімнің арасында дірілдеп тұрады. Бұл жай ғана тәттіге құмарлық емес, бұл адам бойындағы нәпсі мен ақылдың алғашқы ұлы шайқасы дер едік.

Енді Мишельдің тәжірибесін мемлекеттік ауқымда қарастырып көрелік. «Бірінші зефирді» халыққа тегін берілетін әлеуметтік көмектер мен жәрдемақылар деп алайық. Әрине, мұқтаж жандарға қолдау көрсету – мемлекеттің міндеті. Алайда, бұл көмек жүйелі түрде еңбексіз берілетін «дайын асқа» айналғанда, қоғамда масылдық дерті белең алады.

Масылдық психологиясына бой алдырған азамат эксперименттегі шыдамсыз баланың кейіпін кешеді. Ол ертеңгі тұрақты экономикалық өркін-

«Зефир тәжірибесі»



діктен (екінші зефирден) гөрі, бүгінгі тегін жәрдемақыны (бірінші зефирді) артық көреді. Мұндай жағдайда еңбек мотивациясы төмендейді. «Жұмыс істегенше, жәрдемақы алып үйде отырған тиімді» деген түсінік қалыптасады. Сонымен қатар, біреуге тәуелділік артады. Адам өз тағдыры үшін жауапкершілікті мемлекетке жүктеп қояды. Мұндай жағдайда мемлекет бюджеттің басым бөлігін дамуға емес, тек тұтынуды өтеу үшін (желініп қоятын зефирге) жұмсауға мәжбүр болады.

Психологтардың дәлелдеуінше, масылдық – адамның өзін-өзі дамытуын тұншықтыратын, болашаққа деген талпынысын жоқ қылып жіберетін,

келісімнің қабылдануы тарихи маңызға ие оқиға болды. Келісім Орталық Азиядағы су дипломатиясын дамытуға елеулі үлес қосады және болашақтағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын нақты айқындайды. Біз екіжақты әріптестікті тату көршілік, өзара құрмет және сындарлы диалог рухында одан әрі дамытуға ниеттіміз» деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Министр жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру және Орталық Азия елдерінің су пайдалану жөніндегі Негіздемелік конвенциясын әзірлеу туралы бастамаларын атап өтіп, олардың өңірлік су ынтымақтастығын ұзақ мерзімді тұрғыда дамыту үшін ерекше маңызды екенін жеткізді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Кешеров кеңейтілген отырысқа шығарылып отырған мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта өз шешімін тауып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

облыстық қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№5 (21775) СЕЙСЕНБІ, 20 қаңтар, 2026 жыл

➤ Бәрекемді!

Екіжақты әріптестік

тату көршілік, өзара құрмет рухында одан әрі дамиды



Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы су қатынастарының барлық бағыты бойынша екіжақты ынтымақтастықты тереңдету бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін бірлескен жұмыс тобының XIII отырысы, сондай-ақ Орталық Азияда өзара тиімді әрі орнықты су-энергетикалық ынтымақтастық тетігін әзірлеу жөніндегі күш-жігерді үйлестіруге бағытталған қазақ-өзбек бірлескен жұмыс тобының II отырысы өтті.

Отырыстарға ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев және Түркістан облысының әкімі Нұралхан Кешеров қатысты.

Тараптар екіжақты су және су-энергетикалық ынтымақтастық салаларындағы негізгі мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, «Достық» мемлекетаралық каналын тазалау және жөндеу жұмыстары қаралды. Былтыр Қазақстан тарапы каналдың учаскелерінде, еңістерінде, коллекторларында және бас құрылыс жайларында механикалық тазалау жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар нысанның бас және бөгейтін құрылыс жайларындағы қақпаларға жөндеу жұмыстары жасалды. Биыл «Достық» каналын механикалық тазалау және бас құрылыс жайларын жөндеу жұмыстары жалғасын табады.

Тараптар сондай-ақ су үнемдеу технологияларын енгізу және пайдалану саласында тәжірибе алмасуға келісті. Бұдан бөлек, Сырдария өзенінде он автоматтандырылған гидробетек орнату жобасын іске асыруды бастау жоспарланып

отыр. Әр мемлекет аумағында бес-бестен нысан салынады.

Германияның Халықаралық ынтымақтастық қоғамының (GIZ) қолдауымен әзірленген бұл жоба трансшекаралық суды бөлудің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта GIZ осы жоба бойынша техникалық тапсырманы әзірлеуді аяқтады.

«Былтыр екі мемлекеттің басшыларының қатысуымен біз трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы үкіметаралық келісімге қол қойдық. Бұл құжат көпжылдық жұмыстың нәтижесі, соның арқасында трансшекаралық суды басқарудың келісілген тәсілдерін әзірлеу мүмкін болды. Сондықтан бұл



➤ Сіз жатқа оқуға тиіс бір өлең...



Гүлнар САЛТЫҚБАЙ

ЖҮЗ РЕТ ҚҰЛАП, ЖҮЗ РЕТ ТҮРДЫМ...

Жүз рет құлап, жүз рет тұрдым,
Құлармын талай әлі мен.
Нан үшін талмай қызмет қылдым
Бала-шағаның қамымен.

Ұнамай ешбір жиын да маған,
Жақсымен келем жарасып.
Жүрсем де қара құйыннан аман
Өлеңнен қалдым адасып...

Көп болды мініп, жеке кетпедім
Желден де жүйрік, боз атын.
Білдірмей күннің бөкер өткенін,
Қиналсам, қолым созатын.

Көп болды оны ерттемегелі,
Кетпегелі айға мен ұшып.
Бермейтін еді дертке де желі,
Тірліктің уын бөлісіп.

Көмкерер едім Айды да гүл боп,
Өзіме берсе ерікті.
Жақсы көрмесен, қайғы да,
Мұң жоқ –

Елестетесің өлікті.

Білмеймін қандай сый
тастайтынын,
Туады мендей тағы өрен.
Өмірдің өзі – ұйқаспайтуғын,
Ақыры жұмбақ ақ өлең...



Егер зерттеуші Мишель уәдесінде тұрмаса, алданған баланың жүрегіндегі үміт оты сөніп, орнын алапат реніш пен сенімсіздік басады емес пе?! Саясатта да солай. Халық ертеңгі күні жайлы, болашағы жарқын болатынына сенбесе, оның бойындағы отаншылдық сезімі өліп, ол тек бүгінгі күннің қамын күйттеген шарасыз тұтынудың айналады. Сол үшін де масылдықтан арғылып, дамуға бет алуды тек халықтан талап ету аздық етеді. Мемлекет те «сенімге лайық Мишельдің» рөлін атқаруы тиіс. Ол үшін халық «мен бүгін еңбек етіп, салғымды төлесем, ертең ол ақша ұрланбайды, менің болашағым жұмсалады» деп сенуі керек.

Бұл үшін мемлекеттің «екінші зефирге» жететін жолды жеңілдетуі де аса маңызды. Сапалы білім мен бизнеске арналған жеңілдіктер – бұл екінші зефирдің келіпті. Мемлекет «бірінші зефирді» (жәрдемақыны) тек уақытша қолдау ретінде беріп, адамның аяққа тұрып кетуіне (екінші зефирді алуына) жағдай жасауы тиіс. Яғни әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған жандарға күнкөрісі үшін тиын-тебен бергенше, олардың кәсіп ашуына жағдай жасап, салықтық жеңілдіктер мен оқыту курстарын ұйымдастыру әлдеқайда тиімді нәтиже береді. Бұл адамды «тұтынудың» «өндірісін» айналдырады. Әлеуметтік көмек адамды жұмыс іздеуге итермелеуі керек, оны жұмыссыздыққа байлап қоюдың соңы жақсылыққа апармайды.

Уолтер Мишельдің тәжірибесіне зер салып қарасақ, бізге өмірлік маңызды ақиқатты үйретеді. Нақты табыс – бүгінгі нәпсіні тыйып, ертеңгі үлкен мақсатқа ұмтылғандардың ұысында. Мемлекеттің даму деңгейі де осы қабілетпен өлшенеді.

Біз кіміз? Біреудің қолындағы зефирге жалтақтаған шарасыз халықпыз ба, әлде өз тағдырының кірпішін өз қолымен қалап, ұрпағына дамыған озық мемлекет қалдыратын жасампаз ұлтпыз ба? Таңдау – өз қолымызда. Болашақ – тек күте білетіндердің емес, сол болашақты бүгіннен бастап өз еңбегімен қалайтындардың еншісінде.